

МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ШЫҒАРУ ПРОСПЕКТІСІ

Эмитенттің толық атауы: «Сейф-Ломбард» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Эмитенттің қысқартылған атауы: «Сейф-Ломбард» ЖШС

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да бір ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дұрыстығын растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда ұсынылған барлық ақпарат сенімді және эмитентке және оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялардың айналысы кезеңінде Эмитент Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар нарығындағы ақпаратты ашуды қамтамасыз етеді.

2021 жыл

1 тарау. Эмитенттің атауы және оның орналасқан жері туралы ақпарат.

1. Құрылтай құжаттарына сәйкес эмитент туралы ақпарат:

1) Эмитенттің бастапқы мемлекеттік тіркелген күні:

2009 жылдың 15 сәуірі.

2) Эмитентті мемлекеттік қайта тіркеу күні (қайта тіркеу жүзеге асырылған жағдайда):

2018 жылдың 12 шілдесі.

3) Эмитенттің қазақ, орыс және ағылшын (бар болса) тілдеріндегі толық және қысқартылған атауы:

Қазақ тілінде:

- толық атауы - «Сейф-Ломбард» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- қысқартылған атауы - «Сейф-Ломбард» ЖШС.

Орыс тілінде:

- толық атауы - Товарищество с ограниченной ответственностью «Сейф-Ломбард»;
- қысқартылған атауы - ТОО «Сейф-Ломбард».

Ағылшын тілінде:

- толық атауы – «Safe-Lombard» limited liability partnership;
- қысқартылған атауы – «Safe-Lombard» LLP.

4) Эмитенттің атауы өзгерген жағдайда оның алдыңғы барлық толық және қысқартылған атаулары, сондай-ақ олар өзгертілген күндер көрсетіледі.

Эмитенттің атауы өзгермеген.

5) Егер эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған болса, онда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаларға және (немесе) эмитентке қатысты құқықтық мирасқорлық туралы мәліметтер көрсетіледі:

Эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылмаған.

6) Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері болған жағдайда заңды тұлғалардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу туралы анықтамаға сәйкес олардың атаулары, тіркелген (қайта тіркелген) күндері, орналасқан жері және эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің пошталық мекенжайлары көрсетіледі.

№	Филиалдың, өкілдіктің атауы	Тіркеу (қайта тіркеу) күні	Орналасқан жері және пошталық мекенжайы
1	«Сейф-Ломбард» ЖШС Нұр-Сұлтан қаласындағы филиалы	16 сәуір 2012 жыл	Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, «Сары-Арқа» ауданы, Гете көшесі, 10 үй, НП-5, пошталық индексі 010000
2	«Сейф-Ломбард» ЖШС Атырау қаласындағы филиалы	30 наурыз 2012 жыл	Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Привокзальный 3А шағын ауданы, ба үйі, 16 пәтер, пошталық индексі

			060027
3	«Сейф-Ломбард» ЖШС Орал қаласындағы филиалы	28 қыркүйек 2012 жыл	Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Гагарин көшесі, 36/2 п.105 үйі, пошталық индексі 090000
4	«Сейф-Ломбард» ЖШС Қарағанды қаласындағы филиалы	24 мамыр 2012 жыл	Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек Би атындағы ауданы, Бұхар Жырау даңғылы, 49/6 құрылысы, 410Б, пошталық индексі 100012
5	«Сейф-Ломбард» ЖШС Семей қаласындағы филиалы	13 маусым 2011 жыл	Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, Қайым Мухамедханов көшесі, 33 үй, 1 пәтер, пошталық индексі 071400
6	«Сейф-Ломбард» ЖШС Тараз қаласындағы филиалы	24 қараша 2011 жыл	Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Телецентр көшесі, 8 үй, 18 пәтер, пошталық индексі 080019
7	«Сейф-Ломбард» ЖШС Шымкент қаласындағы филиалы	30 наурыз 2010 жыл	Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Эль-Фараби ауданы, Спортивный шағын ауданы, 6 үй, 16 пәтер, пошталық индексі 160021
8	«Сейф-Ломбард» ЖШС Ақтөбе қаласындағы филиалы	11 тамыз 2021 жыл	Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Локомотивная көшесі, 7 үй, н.п. 88, пошталық индексі 030005
9	«Сейф-Ломбард» ЖШС Қызылорда қаласындағы өкілдігі	02 қараша 2009 жыл	Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Абай Құнанбаев даңғылы, 37 үй, 1 пәтер, пошталық индексі 120000

7) Эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

090440011332.

8) ISO 17442 «Financial services-Legal Entity Identifier» (LEI) халықаралық стандартына сәйкес Legal Entity Identifier коды (бар болса).

Жоқ

2. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасына сәйкес эмитенттің орналасқан жері, байланыс телефондарын, факстың нөмірлерін және электрондық пошта мекенжайын көрсете отырып, сондай-ақ нақты мекенжайы,

егерде, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген мекенжайдан өзгеше болса.

- Заңды және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Жароков көшесі, 276В үй, пошта индексі 050060;

- Телефон нөмірі: +7 (7273) 900181;

- Электрондық пошта мекенжайы: info@slombard.kz.

2 тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздар туралы, оларды төлеу және олар бойынша кіріс алу тәсілдері туралы мәліметтер.

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер.

1) Облигациялар түрі	Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар
2) Бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болып табылса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі)	1 000 (бір мың) теңге
3) Облигациялар саны	3 000 000 (үш миллион) дана
4) Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі	3 000 000 000 (үш миллиард) теңге
5) Облигацияның номиналды құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы	<p>Облигацияның номиналды құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - Қазақстан теңгесімен көрсетіледі. Барлық төлемдерді (сыйақы және негізгі борыш сомасын төлеу) Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) жүзеге асырады.</p> <p>Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылса, облигациялар бойынша барлық төлемдер облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банктік шоты болған жағдайда теңгемен жүргізілетін болады.</p> <p>Төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ долларына) айырбастауға Эмитент Қазақстан Республикасының резиденті емес облигацияларды ұстаушыдан тиісті төлем күніне дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда жол беріледі. Көрсетілген айырбастау төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады.</p> <p>Теңгені өзге валютаға (тек қана АҚШ доллары) айырбастау Қазақстан Республикасының резиденті емес облигацияларды ұстаушы есебінен</p>

	жүргізіледі. Облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасының резидентінің пайдасына облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді. Айырбастау кезіндегі Эмитенттің шығыстары облигация ұстаушыға- Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударылатын сомдан ұсталады.
--	--

4. Орналастырылатын облигацияларды төлеу тәсілі

Осы шығарылымның облигацияларын төлеу қолма-қол ақшасыз нысанда жүргізіледі. Облигацияларды төлеу тәртібі мен шарттары, есеп айырысу тәсілдері "Қазақстан қор биржасы" АҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Облигациялар бойынша табыс алу.

1) Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болып табылса, онда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі)	Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигациялар айналымының барлық мерзіміне белгіленген болып табылады және облигациялардың номиналды құнының жылдық 14% (он төрт пайызын) құрайды.
2) Сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні	Сыйақы төлеу облигациялар айналымының барлық мерзімі ішінде облигациялар айналымы басталған күннен бастап әрбір 3 (үш) ай сайын жылына 4 (төрт) рет жүргізіледі. Купондық сыйақыны соңғы төлеу облигацияларды өтеумен бір мезгілде жүзеге асырылады.
3) Облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн	Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу облигациялар айналымы басталған күннен басталады. Сыйақыны есептеу облигациялар айналымының барлық кезеңі ішінде жүргізіледі және облигациялар айналымының соңғы күнінде аяқталады.
4) Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі	Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға (бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – «Тіркеу күні») төленеді. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы теңгемен жүргізіледі. Әрбір купондық кезең үшін

	облигациялар бойынша сыйақы алуға Тіркеу күні облигацияларды ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде тіркелген тұлғалардың құқығы бар. Сыйақы облигацияның номиналды құны мен купондық сыйақының тоқсандық ставкасының көбейтіндісі ретінде есептеледі (жылдық мөлшерлемені төртке бөледі). Үтірден кейінгі белгілердің саны және дөңгелектеу әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес айқындалады.
5) Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі	Облигациялар бойынша сыйақы төлеу облигациялар айналымының барлық мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақыт базасы есебінен жүргізіледі.

6. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде жобалық қаржыландыру кезінде қосымша:

- 1) ақша талаптарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің шарттары мен болжамды мерзімдері;
- 2) облигацияларды ұстаушыларға базалық шарт бойынша құрылған мүлікке меншік иесінің ауысуы туралы, кредиторлардың өкілдерін арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізу және олардың өкілеттіктері туралы ақпарат беру тәртібі;
- 3) арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын жобалық қаржыландыру мәмілесіне және активтерді инвестициялық басқаруға қызмет көрсетуге байланысты шығыстарының тізбесі көрсетіледі.

Қолданылмайды. Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

7. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде секьюритилендіру кезінде қосымша:

- 1) оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдер жинауды жүзеге асыратын тұлғаның атауы және орналасқан жері;
- 2) секьюритилендіру мәмілесіндегі оригинатордың қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері;
- 3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтер құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсу шарттары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі;
- 4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі;
- 5) секьюритилендіру мәмілесі бойынша қызметке ақы төлеуге байланысты шығыстар және оларға сәйкес арнайы қаржы компаниясы осы шығыстарды бөлінген активтерден шегеруге құқылы талаптар;
- 6) оригинатордың және секьюритилендіру мәмілесіне қатысатын тұлғалардың секьюритилендіруді қолдану тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер;
- 7) секьюритилендіру мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтер өсімінің мөлшері, құрамы және болжамдық талдамасы;
- 8) талап ету құқықтары біртектілігінің критерийлері;
- 9) облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған әр түрлі шығарылымдар облигацияларын өтеу кезектілігі көрсетіледі.

Қолданылмайды. Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

3 тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру, оның айналымы, өтеу шарттары мен тәртібі, сондай-ақ Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары.

8. Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:

1) Облигацияларды орналастырудың басталған күні	Облигациялар айналымы басталған күн
2) Облигацияларды орналастырудың аяқталған күні	Облигациялар айналымы кезеңінің соңғы күні
3) Облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы).	Облигацияларды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастыру жоспарлануда

9. Облигациялар айналымының шарттары мен тәртібі:

1) Облигациялардың айналымы басталған күн	«Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген сауда-саттықты өткізу күні. Облигациялар айналымының басталу күні туралы хабарлама «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында (www.kase.kz) жарияланады.
2) Облигациялар айналымы аяқталған күн	Облигациялар айналымы кезеңінің соңғы күні
3) Облигациялардың айналу мерзімі	Облигациялардың айналымы басталған күннен бастап 3 (үш) жыл
4) Облигациялардың айналымы жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы).	Эмитенттің облигациялары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында айналыста болады

10. Облигацияларды өтеу шарттары мен тәртібі:

1) Облигацияларды өтеу күні	Облигациялар, облигациялар айналымы басталған күннен бастап 3 (үш) жылдан кейін аяқталатын облигациялар айналымы кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде өтеледі.
2) Облигацияларды өтеу тәсілі	Облигациялар Тіркеу күнгі жағдай бойынша облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару жолымен облигациялардың номиналды құны мен соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлей отырып өтеледі.

<p>3) Егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнын төлеу облигацияларды шығару проспектісіне сәйкес өзге мүлiктiк құқықтармен жүргiзiлетiн болса, осы құқықтардың сипаттамасы, оларды сақтау тәсiлдерi, бағалау тәртiбi және көрсетiлген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтардың өтуiн iске асыру тәртiбi келтiрiледi.</p>	<p>Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнын төлеу өзге мүлiктiк құқықтармен жүргiзiлмейдi.</p>
---	--

11. Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 15 және 18-4 баптарында белгiленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда:

1) облигацияларды сатып алу құқығын жүзеге асыру тәртiбi, шарттары көрсетiледi.

Қатысушылардың жалпы жиналысының шешiмi бойынша Эмитент өз облигацияларын ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда олардың айналымының бүкiл мерзiмi iшiнде сатып алуға және сатуға құқылы.

Эмитенттiң облигацияларды сатып алу бағасы:

- ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында мәмiле жасау кезiнде, мәмiле жасалатын күнгi нарықтық құннан шыға отырып;
- ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында мәмiле жасау кезiнде - мәмiле тараптарының келiсiмi бойынша айқындалады.

Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда сатып алынған облигациялар өтелген болып саналмайды және Эмитент өзiнiң сатып алынған облигацияларын бағалы қағаздар нарығында олардың айналысының бүкiл мерзiмi iшiнде керi сатуға құқылы.

Эмитенттiң облигацияларды сатып алуы облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын бұзуға әкеп соқпауы тиiс.

Орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) облигациялардың саны туралы ақпаратты Эмитент «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында (www.kase.kz) ашады.

2) Облигацияларды сатып алу құқығын жүзеге асыру мерзiмдерi

Барлық облигацияларды ұстаушыларға Эмитент қатысушыларының жалпы жиналысының облигацияларды сатып алу бойынша қабылдаған шешiмi туралы осындай шешiм қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнi iшiнде ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында (www.kase.kz) және Қаржылық есептiлiк депозитарийiнiң сайтында (www.dfo.kz) «Қазақстан қор биржасы» АҚ iшкi құжаттарында және Қаржылық есептiлiк депозитарийiнiң интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртiбiн реттейтiн нормативтiк-құқықтық актiде белгiленген тәртiппен орналастыру арқылы хабарлайды.

Облигацияларды ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда, облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды сатып алу туралы Эмитент қатысушыларының жалпы жиналысының шешiмi жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтiзбелiк күн iшiнде Эмитенттiң орналасқан жерi бойынша облигациялар ұстаушыларына тиесiлi облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтiнiштер жiберуге құқығы бар.

Облигацияларды ұйымдастырылған нарықта сатып алған жағдайда, облигацияларды ұстаушылардың өздерiне тиесiлi облигацияларды сатуға өтiнiш беру тәртiбi «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның iшкi құжаттарымен реттеледi.

Эмитенттiң орналастырылған облигацияларды сатып алуы Эмитент қатысушыларының жалпы жиналысының облигацияларды сатып алу туралы тиесiтi шешiмi жарияланғаннан кейiн күнтiзбелiк 30 (отыз) күн iшiнде жүзеге асырылады.

Ұстаушылары өздерiне тиесiлi облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтiнiш бермеген облигациялар осы Проспектiде көзделген тәртiппен облигациялардың айналым мерзiмi өткеннен кейiн өтеледi.

4 тарау. Ковенанттар (шектеулер), олар бар болған жағдайда

12. Егер Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда:

1) Эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:

Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде Эмитент:

- облигациялар Эмитенті мен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг шартында және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның басқа да ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеуге;

- облигациялар Эмитенті мен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг шартында және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның басқа да ішкі құжаттарында белгіленген облигациялар Эмитентінің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімін бұзуға жол бермеуге міндеттенеді.

2) ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде Эмитенттің іс-қимыл тәртібі:

Осы Проспектіде көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда, Эмитент бұзушылық орын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы бұзушылық туралы ақпаратты облигация ұстаушыларына бұзушылықтың туындау себептерін, осы бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында (www.dfo.kz) орналастыру арқылы жеткізеді. Сатып алу туралы жазбаша талапты алған жағдайда 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Эмитент қатысушыларының жалпы жиналысы облигацияларды келесі баға бойынша сатып алу туралы шешім қабылдайды: қандай шама ең үлкен болып табылатынына байланысты - сатып алу күніне сәйкес жинақталған және/немесе есептелген сыйақымен бірге облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша, немесе, облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша.

Эмитент қатысушыларының жалпы жиналысының облигацияларды сатып алу күні туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында (www.dfo.kz) ақпаратты орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушылардың облигацияларын алдағы сатып алу күні туралы хабардар етеді.

Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуды облигацияларды ұстаушылардан облигацияларды сатып алу туралы алғашқы жазбаша талап алынған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

Облигацияларды сатып алу облигацияларды ұстаушылар берген жазбаша өтініштер негізінде ғана жүргізіледі.

Өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптар қоймаған облигацияларды ұстаушылардың осы Проспектіде көзделген тәртіппен облигациялардың айналыс мерзімі өткеннен кейін өздеріне тиесілі облигацияларды өтеуге құқығы бар.

3) ковенанттар бұзылған кездегі облигацияларды ұстаушылардың іс-қимыл тәртібі.

Осы Проспектіде көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда, облигацияларды ұстаушылардың кез келгені бұзушылық туралы хабардар еткен күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Эмитентке өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талап қою арқылы оған тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

Облигацияларды ұстаушы келесі барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда өтініш беруі тиіс:

- Заңды тұлға үшін:

- 1) облигацияларды ұстаушының атауы;
- 2) бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

3) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нөмірі, берілген күні және берген орган;

- 4) заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері;
- 5) телефондары;
- 6) банк деректемелері;
- 7) сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі;

- Жеке тұлға үшін:

- 1) облигацияларды ұстаушының тегі, аты және бар болса әкесінің аты;
- 2) жеке сәйкестендіру нөмірі;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және берген орган;
- 4) тұрғылықты жері;
- 5) телефондары;
- 6) банк деректемелері;
- 7) сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі.

5 тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды айырбастау шарттары, мерзімдері мен тәртібі (айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару кезінде).

13. Айырбасталатын облигацияларды шығару кезінде қосымша мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасын белгілеу тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар;
- 2) облигацияларды айырбастау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен айырбасталатын болса, айырбастаудың аяқталу күнінен бастап 1 (бір) ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен айырбасталмайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі).

Облигациялар айырбасталатын болып табылмайды.

6 тарау. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын облигациялар эмитенті мүлкінің құнын көрсете отырып, осы мүлік туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген облигациялар бойынша)

14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:

- 1) осы мүліктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы;
- 2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;
- 3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі.

Облигациялар қамтамасыз етілген болып табылмайды.

15. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе).

Облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілмеген.

16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері.

Облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды.

7 тарау. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:

1) эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары;

Облигацияларды орналастырудан алынған ақшалай қаражатты кредиттік портфельді ұлғайтуға жіберу жоспарланып отыр.

2) инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезінде онымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызметтеріне ақы төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі.

Облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды.

18. Эмитент бұрын орналастырған (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде), айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.

Облигациялар талап ету құқықтарымен төленбейді.

8 тарау. Эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын иеленетін құрылтайшылар туралы немесе ірі акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер.

19. Эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын иеленетін құрылтайшылар туралы немесе ірі акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер:

Құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) (жеке тұлға үшін)	Құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) толық атауы, орналасқан жері (заңды тұлға үшін)	Құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі Эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталына қатысу үлестерінің Эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы	Құрылтайшы немесе ірі акционер (қатысушы) Эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызына ие болған күн
---	---	--	---

		санына пайыздық арақатынасы	
Ким Игорь Владимирович	-	99,00%	29 мамыр 2013 ж.

9 тарау. Эмитенттің басқару органы және атқарушы органы туралы мәліметтер.

20. Эмитенттің басқару органы туралы мәліметтер:

Директорлар кеңесінің немесе байқау кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің тегі, аты, әжесінің аты (ол болған жағдайда) (директорлар кеңесінде тәуелсіз директорды (директорларды) көрсете отырып)	Директорлар кеңесінің немесе байқау кеңесінің мүшелерін сайлау күні және олардың соңғы 3 (үш) жылдағы және қазір кездегі еңбек қызметі туралы мәліметтер хронологиялық тәртіппен	Эмитенттің директорлар кеңесінің әрбір мүшесіне тиесілі Эмитенттің дауыс беретін акцияларының пайыздық арақатынасы немесе эмитенттің байқау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі Эмитенттің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің Эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы	Эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарындағы директорлар кеңесі немесе байқау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) көрсетілген ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы
---	---	--	--

<p>Ким Игорь Владимирович (Байқау кеңесінің төрағасы)</p>	<p><u>Сайланған күні:</u> 24.06.2021ж.</p> <p><u>Еңбек қызметі туралы мәліметтер:</u></p> <p>1) 08.12.2011 ж. бастап қазіргі уақытта – «Экспобанк» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы.</p> <p>2) 02.05.2013 ж. бастап қазіргі уақытта - OCSiAI S.A. С санатты директоры.</p> <p>3) 01.09.2014 – 07.11.2019 ж.ж. Ехробанк CZ a.s. байқау кеңесінің төрағасы.</p> <p>4) 28.12.2015 – 18.02.2019 ж.ж. «Д2 Страхование» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы.</p> <p>5) 01.03.2016 ж. бастап қазіргі уақытта - AS Ехробанк кеңес мүшесі.</p> <p>6) 15.09.2016 ж. бастап қазіргі уақытта - «Эндаумент НГУ» Қор президиумының президенті.</p> <p>7) 13.09.2017 ж. бастап қазіргі уақытта - Ресей банктері қауымдастығы кеңесінің мүшесі.</p> <p>8) 29.09.2017 ж. бастап қазіргі уақытта - "Паллада" қайырымдылық қоры қамқоршылық кеңесінің мүшесі.</p> <p>9) 20.10.2017 ж. бастап қазіргі уақытта - Ujet S.A. В санатты директоры.</p> <p>10) 29.10.2017 ж. бастап қазіргі уақытта - «Группа Астон» ЖШҚ директорлар кеңесінің төрағасы.</p> <p>11) 15.03.2018 ж. бастап қазіргі уақытта - Ujet S.A. директорлар кеңесінің төрағасы.</p> <p>12) 28.03.2018 ж. бастап қазіргі уақытта - ASTRA PREMIER LTD директоры.</p> <p>13) 19.02.2019 ж. бастап қазіргі уақытта - «Д2 Страхование» АҚ</p>	<p>99,00%</p>	<p>-</p>
--	---	---------------	----------

	<p>директорлар кеңесінің мүшесі.</p> <p>14) 01.11.2019 – 16.12.2020 ж.ж. «УК Доктора Хюнинен» ЖШҚ директорлар кеңесінің төрағасы.</p> <p>15) 13.04.2020 ж. бастап қазіргі уақытта – «Экспобанк» АҚ басқарма төрағасының кеңесшісі.</p> <p>16) 22.05.2020 ж. бастап қазіргі уақытта – «Астон. Екатеринбург» ЖШҚ директорлар кеңесінің төрағасы.</p> <p>17) 23.12.2020 ж. бастап қазіргі уақытта – «УК Хюнинен» ЖШҚ директорлар кеңесінің мүшесі.</p> <p>18) 01.06.2021 ж. бастап қазіргі уақытта – «Астон. Стройтрест 43» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі.</p> <p>19) 24.06.2021 ж. бастап қазіргі уақытта – «Сейф-Ломбард» ЖШС байқау кеңесінің төрағасы.</p>		
<p>Азбеков Жаркинбек Кыдырбаевич (Байқау кеңесінің тәуелсіз мүшесі)</p>	<p><u>Сайланған күні:</u> 24.06.2021ж.</p> <p><u>Еңбек қызметі туралы мәліметтер:</u></p> <p>1) 01.09.2005 – 31.12.2019 ж.ж. «ОРДА Капитал» Басқарушы компаниясы» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы.</p> <p>2) 02.02.2009 – 12.05.2020 ж.ж. «Арнұр Кредит» МҚҰ ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы.</p> <p>3) 01.02.2012 ж. бастап қазіргі уақытта – «ОРДА Кредит Плюс» ЖШС байқау кеңесінің төрағасы.</p> <p>4) 18.10.2017 ж. бастап қазіргі уақытта – «First Heartland Securities» АҚ директорлар кеңесінің</p>	<p>-</p>	<p>-</p>

	<p>мүшесі, тәуелсіз директор. 5) 10.07.2019 ж. бастап қазіргі уақытта – «First Heartland Jysan Invest» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор. 6) 29.12.2020 ж. бастап қазіргі уақытта – «АТФБанк» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор. 7) 24.06.2021 ж. бастап қазіргі уақытта – «Сейф-Ломбард» ЖШС байқау кеңесінің тәуелсіз мүшесі.</p>		
<p>Джейкобс Марго Кар (Jacobs Margot Kahr (Байқау кеңесінің тәуелсіз мүшесі)</p>	<p><u>Сайланған күні:</u> 24.06.2021ж. <u>Еңбек қызметі туралы мәліметтер:</u> 1) 01.05.2007 – 01.02.2020 ж.ж. East Capital Private Equity аға кеңесші. 2) 24.06.2021 ж. бастап қазіргі уақытта – «Сейф-Ломбард» ЖШС байқау кеңесінің тәуелсіз мүшесі.</p>	-	-

21. Алқалы орган немесе Эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға:

<p>Атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) не алқалы атқарушы орган басшысының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)</p>	<p>Атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның немесе алқалы атқарушы орган мүшелерінің хронологиялық тәртіппен соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек жолы туралы мәліметтер;</p>	<p>Эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаға немесе эмитенттің алқалы атқарушы органының әрбір мүшесіне тиесілі дауыс беруші акциялардың немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы.</p>
<p>Ким Геннадий Викторович (Басқарма төрағасы)</p>	<p><u>Сайлау күні:</u> 24.06.2021 ж. <u>Өкілеттігі:</u> Эмитенттің басқарма төрағасы</p>	<p>1,00%</p>

	<p>алқалы атқарушы органның - Эмитенттің басқармасының басшысы болып табылады, серіктестік басқармасының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және оның отырыстарын басқарады. Басқарма төрағасы Эмитенттің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.</p> <p>Эмитенттің басқарма төрағасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жалпы жиналыстың, Байқау кеңесінің және Басқарманың шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады; 2) Байқау кеңесінің алдында даму жоспарын іске асыру туралы жыл сайынғы есепті ұсынады; 3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Эмитент атынан сенімхатсыз әрекет етеді; 4) Эмитенттің үшінші тұлғалармен, оның ішінде мемлекеттік және сот органдарымен қарым-қатынастарында мүдделерін білдіру құқығына сенімхаттар береді; 5) талап-арыздар мен талап-арыздарды ұсынады және оларға қол қояды, талап-арыздардан бас тартады, талап-арыз талаптарын өзгертеді, бітімгершілік келісімдерге қол қояды; 6) құзыреті шегінде бұйрықтар мен өкімдер шығарады; 7) Эмитенттің атынан Басқарма мүшелерімен еңбек шарттарын жасасады және Байқау кеңесінің шешімі бойынша оларды тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы бұйрықтар шығарады; 8) Эмитенттің қызметкерлеріне қатысты Эмитенттің атынан еңбек шарттарын жасасады және тоқтатады, оларды лауазымға тағайындау туралы, оларды ауыстыру/ауыстыру және жұмыстан шығару, оларға демалыс беру және оларды іссапарға жіберу туралы бұйрықтар шығарады, көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жазалар қолданады, Эмитенттің бекітілген лауазымдық айлықақыларының схемасы негізінде лауазымдық айлықақылардың мөлшерін белгілейді, сыйлықақы 	
--	---	--

	<p>беру және сыйақылардың басқа да түрлері мәселелерін шешеді; 9) белгіленген тәртіппен ұжымдық шарттар жасасады; 10) Эмитенттің жұмыс режимін айқындайды; 11) Эмитенттің банктік және басқа да шоттарын ашады; 12) Эмитенттің Басқарма мүшелері мен өзге де қызметкерлері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер саласын және жауапкершілікті бөледі; 13) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне, ал басқарма мүшелері болмаған жағдайда – эмитент қызметкерлерінің біріне жүктейді; 14) Эмитенттің тәуекелдерді басқару жүйесіндегі кемшіліктер туралы қадағалау кеңесін уақтылы хабардар етеді; 15) жалпы жиналысқа Эмитенттің Қаржы-шаруашылық қызметінің жай-күйі туралы ақпарат береді; 16) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Эмитенттің жарғысында, Эмитенттің жалпы жиналысының, Байқау кеңесінің және басқармасының шешімдерінде айқындалған Эмитенттің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.</p> <p><u>Еңбек қызметі туралы мәліметтер:</u></p> <p>1) 20.11.2017 – 31.01.2018 ж.ж. «Банк Экспо Кредит» АҚ басқарма төрағасының кеңесшісі. 2) 26.07.2018 – 23.06.2021 ж.ж. «Сейф-Ломбард» ЖШС бас директордың кеңесшісі. 3) 24.06.2021 ж. бастап қазіргі уақытта – «Сейф-Ломбард» ЖШС басқарма төрағасы.</p>	
<p>Култаева Индира Амирхановна (Басқарма мүшесі-Басқарма төрағасының орынбасары)</p>	<p><u>Сайлау күні:</u> 24.06.2021 ж.</p> <p><u>Өкілеттігі:</u> Өңірлерді бақылау және дамыту, бөлімшелерді ашу.</p> <p><u>Еңбек қызметі туралы мәліметтер:</u></p>	<p>-</p>

	<p>1) 01.03.2011 – 23.06.2021 ж.ж. «Сейф-Ломбард» ЖШС бас директорының орынбасары.</p> <p>2) 24.06.2021 ж. бастап қазіргі уақытта – «Сейф-Ломбард» ЖШС басқарма мүшесі - басқарма төрағасының орынбасары.</p>	
<p>Ли Эдуард Вячеславович (Басқарма мүшесі- Басқарма төрағасының орынбасары)</p>	<p><u>Сайлау күні:</u> 24.06.2021 ж.</p> <p><u>Өкілеттігі:</u> «Сейф-Ломбард» ЖШС автонесиелендіру бағытындағы жұмысын қадағалау.</p> <p><u>Еңбек қызметі туралы мәліметтер:</u> 1) 01.03.2016 – 23.06.2021 ж.ж. «Сейф-Ломбард» ЖШС бас директордың қауіпсіздік жөніндегі орынбасары. 2) 24.06.2021 ж. бастап қазіргі уақытта – «Сейф-Ломбард» ЖШС басқарма мүшесі - басқарма төрағасының орынбасары.</p>	
<p>Глазинский Евгений Юрьевич (Басқарма мүшесі- Басқарма төрағасының орынбасары)</p>	<p><u>Сайлау күні:</u> 24.06.2021 ж.</p> <p><u>Өкілеттігі:</u> «Сейф-Ломбард» ЖШС жұмысын қадағалау.</p> <p><u>Еңбек қызметі туралы мәліметтер:</u> 1) 19.01.2021 ж. бастап қазіргі уақытта - «Алтын бастау» Кредиттік серіктестігі» ЖШС атқарушы директоры. 2) 24.06.2021 ж. бастап қазіргі уақытта – «Сейф-Ломбард» ЖШС басқарма мүшесі - басқарма төрағасының орынбасары.</p>	
<p>Вахидов Айдин Алчинович (Басқарма мүшесі- Басқарма төрағасының қаржы мәселелері жөніндегі орынбасары)</p>	<p><u>Сайлау күні:</u> 24.06.2021 ж.</p> <p><u>Өкілеттігі:</u> «Сейф-Ломбард» ЖШС қаржы қызметін басқару.</p> <p><u>Еңбек қызметі туралы мәліметтер:</u> 1) 13.06.2016 – 23.06.2021 ж.ж. «Сейф-Ломбард» ЖШС қаржы директоры. 2) 01.08.2018 – 31.07.2021 ж.ж.</p>	

	<p>«Алтын бастау» Кредиттік серіктестігі» ЖШС корпоративтік қаржыландыру басқармасының бастығы.</p> <p>3) 24.06.2021 ж. бастап қазіргі уақытта – «Сейф-Ломбард» ЖШС басқарма мүшесі - басқарма төрағасының қаржы мәселелері жөніндегі орынбасары.</p> <p>4) 01.08.2021 ж. бастап қазіргі уақытта – «Алтын бастау» Кредиттік серіктестігі» ЖШС басқарма мүшесі-корпоративтік қаржыландыру басқармасының бастығы.</p>	
<p>Еремин Дмитрий Дмитриевич (Басқарма мүшесі-Басқарма төрағасының операциялық мәселелер жөніндегі орынбасары - заң департаментінің Директоры)</p>	<p><u>Сайлау күні:</u> 24.06.2021 ж.</p> <p><u>Өкілеттігі:</u> «Сейф-Ломбард» ЖШС операциялық қызметке жетекшілік ету, қызметті құқықтық сүйемелдеу.</p> <p><u>Еңбек қызметі туралы мәліметтер:</u></p> <p>1) 01.03.2011 – 23.06.2021 ж.ж. «Сейф-Ломбард» ЖШС заң департаментінің директоры.</p> <p>2) 01.08.2011 ж. бастап қазіргі уақытта – «Алтын бастау» Кредиттік серіктестігі» ЖШС заң департаментінің директоры.</p> <p>3) 24.06.2021 ж. бастап қазіргі уақытта – «Сейф-Ломбард» ЖШС басқарма мүшесі - басқарма төрағасының операциялық мәселелер жөніндегі орынбасары - заң департаментінің директоры.</p>	

22. Егер Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген жағдайда, онда:

- 1) басқарушы ұйымның толық және қысқартылған атауы, оның орналасқан жері;
- 2) басқарушы ұйымның атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) не басқарушы ұйымның алқалы атқарушы органы мүшелерінің және директорлар кеңесі (бақылау кеңесі) мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);
- 3) осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғалардың сайланған күні және хронологиялық тәртіппен соңғы 2 (екі) жылдағы еңбек жолы туралы мәліметтер;
- 4) осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғаларға тиесілі басқарушы ұйымның дауыс беруші акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) басқарушы ұйымның дауыс беруші акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы;
- 5) Осы тармақтың 2) тармақшасында аталған тұлғаларға тиесілі жарғылық капиталға қатысу үлестерінің Эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы.

Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілмеген.

10 тарау. Эмитент қызметінің негізгі түрлерін көрсете отырып, эмитенттің қаржы-экономикалық және шаруашылық қызметінің көрсеткіштері

23. Эмитент қызметінің түрлері:

1) Қызметтің негізгі түрі:

Эмитент қызметінің негізгі түрі микрокредиттер беру болып табылады.

2) Маусымдық сипатқа ие қызмет түрлерін және эмитенттің жалпы кірісіндегі олардың үлесін көрсете отырып эмитент қызметі түрлерінің қысқаша сипаттамасы:

Эмитент жеке тұлғаларға жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті кепілге қойып, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде бір жылға дейінгі мерзімге микрокредиттер береді.

Эмитенттің қызметі маусымдық емес.

3) Эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер.

Эмитенттің негізгі бәсекелестері болып табылатындар:

- «М-Ломбард» ЖШС;
- «МК-Золото Ломбард» ЖШС;
- «Бірінші ломбард» ЖШС;
- «Астра-Ломбард» ЖШС;
- «Lemon LOMBARD» ЖШС.

4) Эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сату (жұмыс, қызмет) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар.

Эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сату (жұмыс, қызмет) кірістілігіне теріс әсер ететін факторлар:

- Жалпы саяси тұрақсыздық;
- Демографиялық ахуалдың нашарлауы (халықтың кемуі);
- Микрокредит беру нарығындағы бәсекелестіктің өсуі;
- Тартылатын қаражат құнының қымбаттауы;
- Бақылаушы органдардың реттеушілік шектеулері;
- Карантиндік және өзге де шектеулердің енгізілуіне байланысты қызметті тоқтата тұру.

Эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сату (жұмыс, қызмет) кірістілігіне оң әсер ететін факторлар:

- Жалпы саяси тұрақтылық;
- Демографиялық ахуалдың жақсаруы (халықтың өсуі);
- Микрокредит беру нарығындағы бәсекелестіктің төмендеуі;
- Тартылатын қаражат құнының арзандауы;
- Халық арасында шағын несиелерге сұраныстың өсуі.
- Микрокредиттер бойынша жоғары пайыздық мөлшерлемелер.

5) эмитенттің лицензиялары (патенттері) және олардың қолданылу кезеңі, зерттеулер мен әзірлемелерге, оның ішінде эмитент демеушілік көрсететін зерттеу әзірлемелеріне кеткен шығындар туралы ақпарат.

Микроқаржы қызметін жүзеге асыруға Лицензия № 02.21.0004.L., 10.03.2021 жылы Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Алматы қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасы берген.

6) Эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттардағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі және эмитент экспортқа сататын (көрсететін) өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) сатылатын өнімнің (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі үлесі.

Эмитент шикізат (жұмыстар, қызмет көрсетулер) импортын жүзеге асырмайды және өнімді (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) экспортқа өткізбейді (көрсетпейді).

7) Эмитенттің қатысуымен сот процестерінің мәнін көрсете отырып, Эмитент қызметін тоқтату немесе өзгерту, одан Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызы мөлшерінде ақшалай және өзге де міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне Эмитенттің қатысуы туралы мәліметтер:

Проспектіні беру күніндегі жағдай бойынша Эмитент Эмитенттің қызметін тоқтату немесе өзгерту, одан ақшалай және өзге де міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне қатыспады.

8) Эмитенттің қызметіне әсер ететін басқа да тәуекел факторлары:

Осы Проспектінің 11-тарауының 34-тармағында ашып көрсетілді.

24. Эмитент өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын көлемде оның тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) тұтынушылар мен жеткізушілер туралы мәліметтер.

Эмитентте көрсетілетін қызметтерінің көлемі Эмитент көрсететін қызметтердің жалпы құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын Эмитенттің қызметтерін тұтынушылар жоқ.

Эмитентте тауар айналымының көлемі Эмитент тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын Эмитенттің тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) берушілер жоқ.

25. Әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсете отырып, эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің активтері.

30.06.2021 ж. жағдай бойынша

Активтің атауы	Баланстық құны (мың теңге)
Клиенттерге берілген несиелер	10 807 429

26. Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан астам пайызы мөлшердегі дебиторлық берешек.

Проспектіні беру күніндегі жағдай бойынша Эмитентте дебиторлық берешектің көрсетілген мөлшері жоқ.

27. Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын Эмитенттің кредиторлық берешегі.

Проспектіні беру күніндегі жағдай бойынша Эмитентте кредиторлық берешектің көрсетілген мөлшері жоқ.

28. Эмитент левереджінің шамасы.

	2021 жылғы 30 маусымға	2020 жылғы 31 желтоқсанға	2019 жылғы 31 желтоқсанға
Левередж коэффициенті	0,79	0,76	0,88

29. Аудиторлық есеппен расталған оның қаржылық есептілігі негізінде есептелген соңғы аяқталған екі қаржы жылында эмитент қызметінен алынған ақша қаражатының таза ағыны.

Кезең	Сомасы, мың теңге
2019 жыл	21 308
2020 жыл	42 094

30. Осы облигациялар шығарылымы туралы шешім қабылданған күнге дейін эмитенттің борыштық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдары (өтелген және күші жойылған облигациялар шығарылымдарын қоспағанда) туралы мәліметтер.

Мәліметтер жоқ, өйткені Эмитент облигацияларды алғашқы рет шығарып отыр.

11 тарау. Эмитент және оның орналастыратын эмиссиялық бағалы қағаздары туралы қосымша мәліметтер

31. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

1) Эмитенттен облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген мерзімде облигацияның номиналды құнын алу немесе өзге мүліктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ ол бойынша белгіленген облигациялардың номиналды құнының пайызын немесе облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықты алу құқықтары:

- осы Проспектіде қарастырылған тәртіпте және мерзімде облигациялардың номиналды құнын алу құқығы;

- осы Проспектіде қарастырылған тәртіпте және мерзімде белгіленген сыйақыны алу құқығы;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда және тәртіпте өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;

- осы Проспектіде белгіленген жағдайларда облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін сатып алуды мәлімдеу құқығы;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарында көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу құқығы;

- облигацияларды еркін иеліктен шығару немесе оларға өзгеше билік ету құқығы;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

2) Эмитенттен облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы, осы құқықты іске асырудың шарттарын, тәртібін және мерзімдерін көрсету, соның ішінде

облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде:

Облигация ұстаушылар, егер Эмитент Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 15 - бабының 2 - тармағында, сондай - ақ 18-4 бабы 2 -тармағының 1) және 2) тармақшаларында белгіленген шарттардың кез келгенін бұзса облигацияларын өтеуді талап етуге құқылы.

- Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алуды Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 15-бабының 2-тармағында көзделген шарттар бұзылған жағдайда, осындай сатып алу күніне жинақталған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша жүргізуі тиіс;

- Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 18-4 бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда Эмитент орналастырылған облигацияларды осындай сатып алу күніне жинақталған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша, немесе облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша, немесе қандай шама ең жоғары болып табылатынына қарай сатып алуды жүзеге асыруға міндетті;

Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі құжаттарында көзделген мерзімдер ішінде, ал мұндай мерзім Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ішкі құжаттарында болмаған кезде осы тармақта көрсетілген оқиғалардың бірі басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент облигацияларды ұстаушылардың осындай фактісі туралы хабарламаны «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында (www.dfo.kz), соның ішінде:

- Эмитенттің облигацияларын сатып алуға әкелетін көрсетілген оқиғалардың қайсысы орын алғаны туралы ақпаратты;

- Облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерін, соның ішінде Эмитентке талаппен өтініш жасау тәртібі мен мерзімдерін қоса тізу;

- Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпаратты хабарлайды.

Осы тармақта көрсетілген оқиғалардың бірі туындағаны туралы Эмитент хабарлаған күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде облигацияларды ұстаушылардың кез келгені Эмитентке тиісті талап қою арқылы өзіне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

Осындай талаптардың біреуін алғаннан кейін Эмитент сатып алу күнін анықтайды, ол алғашқы жазбаша талапты алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей және Эмитент қатысушыларының жалпы жиналысы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайттарында (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында (www.dfo.kz) хабарлама орналастыру арқылы облигацияларды ұстаушылардың облигацияларын алдағы сатып алу күні туралы хабарлайды.

3) Өзге де құқықтар:

Өзге құқықтар көзделмеген.

32. Туындаған кезде Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәліметтер:

1) туындаған кезде Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалардың тізбесі;

Дефолт - Эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамауы.

Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – «Дефолт оқиғасы») - негізгі борышты және/немесе купондық сыйақыны төлеу үшін осы Проспектіде белгіленген мерзімдерде облигациялар бойынша негізгі борыш және/немесе

купондық сыйақы сомасын төлеу бойынша Эмитенттің міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамау болып табылады.

Эмитенттің сыйақыны және/немесе облигациялардың номиналдық құнын осы Проспектіде көрсетілген мерзімдерде төлемеуі немесе толық төлемеуі облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды, егер мұндай төлемеу және/немесе толық төлемеу облигацияларды ұстаушылардың банк шоттарының Эмитенттің сыйақыны және/немесе облигациялардың номиналдық құнын төлеуді жүзеге асыруын мүмкін емес ететін дұрыс емес не толық емес деректемелерін алуының немесе «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-ның Эмитентке облигацияларды ұстаушылардың тізілімін заңнамамен және онымен жасалған шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде бермеуінің салдары болса.

Эмитент осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер бұл орындамау еңсерілмес күш жағдайларының салдары болып табылса. Еңсерілмес күш жағдайлары деп басталуы алдын ала болжау немесе алдын алу мүмкін болмаған жағдайлар түсініледі (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т.б.). Еңсерілмес күш жағдайлары туындаған жағдайда Эмитенттің осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдарлары әрекет ететін уақыт кезеңіне мөлшерлес кейінге қалдырылады.

2) Облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда Эмитент қолданатын шаралар, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттары:

